

Авторлық құқық пен сабактас құқықтардың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 22 сәуірдегі N 131 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 25 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6254 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 25 тамыздағы № 1302 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің м.а. 25.08.2018 № 1302 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2012.01.19 № 15 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Тұындыларды және сабактас құқықтар обьектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2012.01.19 № 15 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Д. Құсдәuletov

2010 жылғы 22 сәуірдегі

№ 131 бүйріғына

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2012.01.19 № 15 (ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі м.а.

2010 жылғы 22 сәуірдегі

№ 131 бүйріғына

2-қосымша

Тұындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің тұындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметін нақтылады және "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) және "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының негізінде жасалды.

2. Мемлекеттік тіркеуге, мұліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар мен пайдаланушылар арасында жасалған лицензиялық шарттар жатады.

Лицензиялық шарттың мемлекеттік тіркелуін растау осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тіркеу куәлігін (бұдан әрі - МТК) беру және осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәліметтерді лицензиялық шарттардың мемлекеттік тізіліміне енгізу болып табылады.

2. Лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу

3. Комитет лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - мемлекеттік тіркеу) не оларды тіркеуден бас тартуды өтініш берушіден өтініш келіп түсken күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізеді.

4. Лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін Комитетке:

- 1) осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) тігілген, нөмірленген және өтініш берушінің өзімен куәландырылған (әр бетіне қол қойылған) лицензиялық шарттың көшірмесі;
- 3) занды тұлға үшін – занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

4) жеке тұлға үшін - заңнамада белгіленген тәртіппен қуәландырылған жеке куәліктің және (немесе) жеке қасіпкерді мемлекеттік тіркеу қуәлігінің көшірмесі;

5) мемлекеттік тіркеген үшін алым төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы тапсырылады.

5. Лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу кезінде алымдарды төлеуден босатылған тұлғалар:

Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар – куәліктің көшірмесін немесе жеңілдіктерге құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік қуәлігінің көшірмесін, "Ленинградты қорғағаны үшін" медаліне немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісіне қоса берілетін қуәліктің көшірмесін, жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқын қуәлігінің не екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлерде, геттоларда және басқа еріксіз ұстau орындарында мәжбүрлеп ұсталғандығы туралы мұрағаттық анықтаманың көшірмесін, комиссариаттан алынған, басқа мемлекет аумағында соғыс қимылдарына қатысқандығын растайтын анықтаманың көшірмесін немесе басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарына қатысқандығы туралы белгі соғылған әскери билеттің көшірмесін, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткендігін растайтын құжат немесе жарапанған, контузия алған немесе закымданғанын растайтын медициналық құжаттардың көшірмесін, ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендеріне және медальдарына қоса берілетін қуәліктің көшірмесін, Чернобыль АЭС-індегі аварияның зардаптарын жоюға қатысушы қуәлігінің көшірмесін немесе Чернобыль АЭС-індегі аварияның немесе азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі басқа радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқанын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын құжат немесе әскери комиссариаттан немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органнан немесе әскери тағайындау объектілеріндегі басқа радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқан фактісін растайтын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын анықтаманың көшірмесін;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар – еңбек кітапшасының көшірмесін немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда жұмысы туралы мәліметтері бар

өзге де құжаттардың көшірмесін (жұмыс орны, сондай-ақ мұрагат мекемелері берген жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар құжаттардың, немесе бұйрықтардан, жеке шоттары мен жалақы төлеуге арналған ведомостан үзінді көшірмелердің, коммунистік партия немесе қасіподак мүшелерінің мүшелік билеттері немесе есеп карточкаларының, немесе қызметін бұрын қолданыста болған заңнамага сәйкес жүзеге асырып келген жұмыс стажын анықтау жөніндегі, зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялардың шешімдерінің, немесе сот шешімдерінің, немесе арнайы комиссиялардың шешімдерінің), немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтері бар әскери билеттің немесе анықтаманың көшірмесін;

мүгедектер – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің мүгедектік тобын белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамасының көшірмесін;

бала жасынан мүгедектің ата-аналарының бірі – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің мүгедектікті белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамасының көшірмесін және түу туралы куәліктің көшірмесін;

Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін репатрианттар (оралмандар) – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитетімен берілген оралманың куәлігінің көшірмесін;

кәмелетке толмағандар – түу туралы көлігінің көшірмесін ұсыну керек.

6. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар үшін туындылар мен сабактас құқықтар объектілерін мемлекеттік тіркеуге өтінішті олардың атынан ата-аналары, асырап алушылары немесе қорғаншылары ұсынады.

Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркеу құжаттарды ұсынған кезде ата-аналарының немесе асырап алушыларының немесе қорғаншыларының жазбаша келісімі ұсынылады.

7. Ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың дұрыс рәсімделуін тексеру он жұмыс күні мерзімде жүзеге асырылады.

Құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, аталған мерзімде жазбаша бұдан әрі қараудан бас тартудың толық негізделген жауабы беріледі.

8. Тіркеу Комитет төрағасы не оны ауыстыратын адамның қолы қойылған және елтаңбалы мөрмен расталған МТК беру және лицензиялық шарттардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу арқылы жүзеге асырылады.

МТК лицензиялық шартты тіркеу жасалғанын растайтын және оның иесіне туындылар мен сабактас құқықтар объектілерін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады.

МТК-нің қолданылу мерзімі лицензиялық шарттың қолданылу мерзімінен асуы мүмкін емес.

9. Комитет МТК жоғалған немесе бұлған жағдайда, оның телнұсқасын автордың (авторлардың) немесе құқық иесінің (құқық иеленушілердің) өтініші бойынша он жұмыс қуні ішінде береді.

МТК телнұсқасын берген үшін Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексімен (Салық кодексі) белгіленген мемлекеттік тіркеген үшін алым алынады.

10. Лицензиялық шарттың қолданылу мерзімін ұзарту кезінде Комитетке ұсынылған өтініш пен лицензиялық шарттың көшірмесі негізінде МТК-нің қолданылу мерзімі де ұзартылады.

11. Лицензиялық шартты тіркеуден бас тарту алған жағдайда өтініш беруші ескертулерді ескеріп тиісті құжаттарды қайта береді.

3. Қорытынды ережелер

12. Лицензиялық шарттарды тіркеуге және тіркеу туралы ақпарат беруге байланысты даулар заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

13. Лицензиялық шарттарды тіркеу туралы ақпарат заңнамада белгіленген тәртіппен берілуі мүмкін.

14. Өтініште көрсетілген мәліметтердің растиғын өтініш беруші қамтамасыз етеді.

Тұындыларды және сабактас
құқыктар объектілерін
пайдалануға лицензиялық
шарттарды мемлекеттік тіркеу
туралы нұсқаулыққа 1-қосымша

нысан

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Зияткерлік мемшік құқығы комитеті
Мемлекеттік тіркеу куәлігі**

№_____ 20__ жылғы "___" ____

— (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, төлкүжат деректері немесе атауы, занды деректемелері)

берілді

20 жылғы " " №

лицензиялық шарт негізінде

Лицензиар

Лицензиат

Пайдаланылатын туындының және (немесе) сабактас құқықтар объектісінің түрі _____

Қолданылу мерзімі

Мерзімі дейін ұзартылған

Təpərə

Тұындыларды және сабақтас
күқықтар объектілерін
пайдалануға лицензиялық
шарттарды мемлекеттік тіркеу
туралы нұсқаулыққа 2-косымша

нысан

Лицензиялық шарттардың мемлекеттік тізілімі

№ р/ с	Өтініштің келіп түскен күні (күні , айы, жылы)	Тіркелген күні (күні , айы, жылы)	Мемлекеттік тіркеу куәлігінің нөмірі	Өтініш берген занды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы	Лицензиар туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты немесе ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын ұйымның атауы, лицензиялық шарттың нөмірі, күні, колдану мерзімі)	Пайдаланатын туындының түрі және (немесе) сабактас құқықтар объектісі	Күні және мемлекеттік тіркеу куәлігін алғаны туралы қолы	ескерту
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.	9.

Тұындыларды және сабақтас
құқықтар обьектілерін
пайдалануға лицензиялық
шарттарды мемлекеттік тіркеу
туралы нұсқаулықта
3-қосымша

нысан

Комитеттің төрағасы _____
(тегі, аты-жөні)

(жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты,

тұрғылықты жері; занды тұлға үшін – занды

тұлғаның атауы, занды мекен-жайы)

телефоны: _____

Өтініш

Мен (Біз) _____ (жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты; занды тұлға үшін - занды тұлғаның атауы, занды мекен-жайы)

(лицензиардың тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы мен занды деректемелері)

Пайдаланылатын тұындының және (немесе) сабақтас құқықтар обьектісінің түрі

Өтінішке қосымша беріледі: 1. _____

2. _____

3. _____

20 ____ жылғы " " _____

(өтініш берушінің қолы)

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі м.а.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің күші жойылған кейір бүйрықтарының тізбесі

1. "Тұындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі № 145 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 1987 болып тіркелген, 2002 жылы № 41-42, 721-құжат Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған).

2. "Авторлық құқықпен қорғалатын тұындыларға құқықты мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі № 146 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 1988 болып тіркелген, 2002 жылы № 41-42, 722-құжат Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған).

3. "Тұындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі № 145 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 34 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 4064 болып тіркелген, 2006 жылы № 18-19, (998-999) "Юридическая газета" газетінде жарияланған).

4. "Авторлық құқықпен қорғалатын тұындыларға құқықты мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі № 146 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 35 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 4065 болып тіркелген, 2006 жылы № 18-19, (998-999) "Юридическая газета" газетінде жарияланған).

5. "Тұындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі № 145 бүйрығына және "Авторлық құқықпен қорғалатын тұындыларға құқықты мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі № 146 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 21 наурыздағы № 21 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5631 болып тіркелген, 2009 жылды № 69, (1666) "Юридическая газета" газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК